


Бекітемін:  
Мектеп директоры: Жаниева Г.Т.



Келісемін:  
Оқу ісінің меңгерушілері: Алиманов А.Ж.  
Шокаева А.Т.

  
01.09.2022

ӘБ отырысында қаралды  
ӘБ жетекшісі Нұрбек Ә.Н.  
Хаттама №1

  
31.08.2022

## АСЫҚ ҮЙІРМЕСІНІҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУ

**«Бес асық» үйірмесінің жылдық жоспары  
(аптасына 1 сағат)**

<b>№</b>	<b>Тақырып, мазмұны</b>	<b>Сағаты</b>	<b>Өткізу уақыты</b>
1	Асық ойынының шығу тарихы Ойын ережесін түсіндіру Асық ойын түрлерімен таныстыру.	1	05.09.2022
2	Асықтың түрлерімен танысу. Бес асықты алақанда ұстап иіріп тастау. Асықты жоғары лақтырып қағып алу әдістерін үйрету .	1	12.09
3	Асықты жоғары лақтырып қағып алу әдістерін қалыптасытыру. Бірлік ойын әдісін үйрету.	1	19.09
4	Бес асық ойыны. Бірлік ойын әдісін қалыптастыру. Екілік ойын әдісін үйрету.	1	26.09
5	Бес асық ойыны. Бірлік ойын әдісін шыңдау. Екілік ойын әдісін қалыптастыру.	1	03.10
6	Бес асық ойыны. Екілік ойын әдісін шыңдау. Үштік ойын әдісін үйрету.	1	10.10
7	Бес асық ойыны. Үштік ойын әдісін қалыптастыру. Төрттік ойын әдісін үйрету. Асықтардың арасы 20 см болады.	1	17.10
8	Бес асық ойыны. Үштік ойын әдісін шыңдау. Төрттік ойын әдісін қалыптастыру.	1	24.10
9	Бес асық ойыны. Төрттік ойын әдісін шыңдау. Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	07.11
10	Бес асық ойыны. Үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. Жалақ ойын әдісін үйрету. Сұқ саусақпен	1	14.11
11	Бес асық ойыны. Жалақ ойын әдісін қалыптастыру. Алақан ойын әдісін үйрету.	1	21.11

12	Бес асық ойыны. Жалақ ойын әдісін шыңдау. Алақан ойын әдісін қалыптастыру.	1	28.11
13	Бес асық ойыны. Алақан ойын әдісін шыңдау. Төртбұрыш ойын әдісін үйрету. Сұқ саусақпен үш рет артқа қарай кілемді үйкелеу.	1	05.12
14	Бес асық ойыны. Төртбұрыш ойын әдісін қалыптастыру. Алмастыру ойын әдісін үйрету.	1	12.12
15	Бес асық ойыны. Төртбұрыш ойын әдісін шыңдау. Алмастыру ойын әдісін қалыптастыру.(16.09.2024)	1	19.12
16	Бес асық ойыны. Алмастыру ойын әдісін шыңдау. Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	26.12
17	Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. Үндемес ойын әдісін үйрету.	1	09.01
18	Бес асық ойыны. Үндемес ойын әдісін қалыптастыру. «Сарт-сұрт» ойын әдісін үйрету. Жоғары лақтырылған асықты ұстар кезде екі рет сарт-сұрт дыбысын шығару.	1	16.01
19	Бес асық ойыны. Үндемес ойын әдісін шыңдау. «Сарт-сұрт» ойын әдісін қалыптастыру.	1	23.01
20	Бес асық ойыны. «Сарт-сұрт» ойын әдісін шыңдау. Қаршу ойын әдісін үйрету.	1	30.01
21	Бес асық ойыны. Қаршу ойын әдісін қалыптастыру. Нәби ойын әдісін үйрету.	1	06.02
22	Бес асық ойыны. Қаршу ойын әдісін шыңдау. Нәби ойын әдісін қалыптастыру.	1	13.02
23	Бес асық ойыны. Нәби ойын әдісін шыңдау. Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	20.02
24	Бес асық ойыны. Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	27.02
25	Бес асық ойыны. Ереже бойынша үйретілген ойын түрлерінің командалық әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	06.03
26	Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шыңдау.	1	13.03
27	Бес асық ойыны. Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шыңдау. Ұпай жинау әдісін үйрету.	1	27.03

28	Бес асық ойыны. Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шыңдау. Ұпай жинау әдісін қылыптастыру, шыңдау.	1	03.04
29	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	1	10.04
30	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	1	17.04
31	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын.	1	24.04
32	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын.	1	01.05
33	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын.	1	08.05
34	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын.	1	15.05
35	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын.	1	22.05
36	Бес асық ойыны. Ереже бойынша командалық ойын.	1	29.05

**«Асық ату» үйірмесінің жылдық жоспары  
(аптасына 1 сағат)**

<b>№</b>	<b>Тақырып, мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Өткізу уақыты</b>
1.	Теориялық білім негіздері. Асық ойынының тәрбиелік маңызы	1	05.09.2022
2.	Асық ату ойын ережелерімен таныстыру. Асықтың түрлерімен таныстыру	1	12.09
3.	Сақа таңдау. Оңқай және солақай сақаларды ұстау әдістері мен асықты иіру әдістерін үйрету	1	19.09
4.	Асықты түрлі бағыттарға шиіру әдістері мен асықты 1 м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	1	26.09
5.	Асықты 1,5 м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	1	03.10
6.	Топтық асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау.	1	10.10
7.	Асықты 2м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	1	17.10
8.	Асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау	1	24.10
9.	Асықты 3-4 м жерден шиіріп ату әдістерін үйрету	1	07.11
10.	Топтық асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау.	1	14.11
11.	Асық ату, «бір табан» ойын әдіс-тәсілдерін үйрету	1	21.11
12.	Асық ату, «үш табан» ойын әдіс-тәсілдерін үйрету	1	28.11
13.	Топтық асық ату әдіс-тәсілдерін шыңдау	1	05.12
14.	Асықты 2м шеңбер ішінен шығару, 3-4 метр жерден шиіріп ату әдіс-тәсілдерін үйрету	1	12.12
15.	Асықты 4м шеңбер ішінен шығару, 3-4 м жерден шиіріп ату әдіс тәсілдерін қалыптастыру	1	19.12
16.	Асықты 4м шеңбер ішінен шығару, 3-4 м жерден шиіріп ату әдіс тәсілдерін шыңдау	1	26.12
17.	Топтық шеңбер ойыны әдіс тәсілдерін шыңдау	1	09.01
18.	«Асық ату» командалық топтық ойын тәсілдерін шыңдау	1	16.01
19.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару, әдіс тәсілдерін үйрету	1	23.01
20.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару, әдіс тәсілдерін шыңдау	1	30.01

21.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару, әдіс тәсілдерін шыңдау	1	06.02
22.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару. 5м жерден шиеріп ату әдіс тәсілін үйрету	1	13.02
23.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару. 5м жерден шиеріп ату әдіс тәсілін қалыптастыру	1	20.02
24.	Асықты 5м шеңбер ішінен шығару. 5м жерден шиеріп ату әдіс тәсілін шыңдау	1	27.02
25.	Командалық «Бір табан» асық ату ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	1	06.03
26.	Командалық «Үш табан» асық ату ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	1	13.03
27.	Командалық «Бес табан» асық ату ойын әдіс тәсілдерін шыңдау	1	27.03
28.	Асық ату «Манай» ойын түрін үйрету	1	03.04
29.	Асық ату «Манай» ойын түрін қалыптастыру	1	10.04
30.	Асық ату «Манай» ойын түрін шыңдау	1	17.04
31.	Топтық «Манай» ойыны әдіс тәсілдерін шыңдау	1	24.04
32.	Командалық «Манай» ойынының әдіс тәсілдерін шыңдау	1	01.05
33.	Командалық «Үш табан» ойын әдіс тәсілдерін қайталау	1	08.05
34.	Командалық «Бес табан» ойын әдіс тәсілдерін қайталау	1	15.05
35.	Командалық «Үш табан» ойын әдіс тәсілдерін қайталау	1	22.05
36.	Командалық «Бес табан» ойын әдіс тәсілдерін қайталау	1	29.05

### БЕС АСЫҚ ОЙЫНЫ ЕРЕЖЕСІ

Әр ойыншыда бес асықтан болады. Асықтың салмағы (11гр. ені 2см; ұзындығы 3.5см ) кем болмауы керек, (ұсақ малдың асығы ойын алаңына қатыстырылмайды) ал жоғары болуына рұқсат. Асықтар сіңірінен жақсылап тазартылған болсын. Төрт асық бір түспен, хан басқа түспен боялады. Түстерді таңдау ойыншының өз еркінде. Ойыншының киім нысаны спорт үлгісінде немесе ұлттық үлгіде болуы шарт, аяқтарына мәсі немесе чешки. Ойын мазмұны. Ойын кезегі асықтарды иіру арқылы анықталады. Асығы алшысынан түскен ойыншы ойнау кезегіне ие болады. Бірінші ойыншы ойынның ережесін бұзғанша ойнайды. Кейін ойынға екінші, үшінші ойыншы өз кезегімен кіріседі. 6 ж.,7 ж.,12 және ұпайдан басқа ойындар бір қолмен

ойналады. Ойыншы жерден (кілемнен) асықтарды алғанда, асық алатын қолы басқа асықтарға тимеуі және кілемде жатқан ойын асықтары бір-біріне тимеуі керек және де асықтарды иірген кезде, ойнап жатқан кездерде қол да, асықтар да дене мен киімге жанаспауы керек. Екінші қолы тізесінің үстінде болуы шарт. Әр жаттығудан кейін ойынды бекіту. Әр жаттығуда хан бірден алынады, басқа жағдайда ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. Егер ойын барысында ереже бұзылса, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын жалғасы әрекеттің бұзылған жерінен басталады.

1. «Бірлік». Ойыншы кілемге бес асықты иіріп тастайды, міндетті түрде ханды алады, (Хан асық ойнын жүргізетін негізгі асық болып есептеледі). Ойыншы ханды жоғарыға лақтырып, кілемде жатқан асықтардың бірін алып, лақтырған ханды қағуы керек. Хан қайта жоғары лақтырылып, кілемдегі шашылған асықтардың екіншісі, кейін үшінші, төртінші алынады.
2. «Екілік». Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен екі асық алынады да бірліктегідей лақтырылған хан қағылып алынады. Кейін тағы екеуі алынады. Кілемнен алынған асықтар бөлек жиналады.
3. «Үштік». Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен үш асық алынады. Хан қайта қағылады. Кілемде қалған жалғыз асық ханды жоғары лақтырып, бөлек алынады, хан қайта қағылады.
4. «Төрттік». Барлық бес асықты алақанда ұстайды. Хан жоғарыға лақтырылып, қалғандары бірден кілемге қойылады да лақтырылған асық қағылып алынады. Кейін хан жоғарыға лақтырылып, төртеуі жиылып алынып, лақтырылған хан қағылады.
5. «Жалақ». Барлық асықтар алақанға жиналады, хан жоғары лақтырылып, қалған төрт асықты қапсыра ұстап, сұқ саусақ үш немесе бес рет (келісім бойынша) алға немесе артқа қарай үйкеліп кілемге жалатылады, шамалап 5 см (ерсілі – қарсылы үйкеуге, кілемді нұқуға болмайды). Ханды құлатпай қағып алу керек.
6. «Алақан». Асықтар кілемге шашылады, қолдың алақаны үстіне қаратылып, кілем үстіне сырт жағымен қойылады, хан жоғарыға лақтырылып, кілемдегі асықтардың біріншісі алынып, алақанға қойылады, хан қайта қағылады. Екінші, үшінші, төртінші асық та осылай ойналады, соңында ханды алақанға қоямыз. Асықтар алақанға ғана жиналады, егер білезіктің үстіне қарай асықтың тұмсығы болса да шығып кетсе қатеге есептеледі.
7. «Төрт бұрыш». Төрт асық шаршы бойынша (шамамен 20\*20см. ересектер, 15\*15см. жасөспірімдер) қойылады. Ойыншы асығын жоғарыға лақтырып, шаршылай тігілген асықтарды бірден жинап, лақтырылған асықты қағып алуы тиіс.
8. «Алмастыру». Асықтар кілем үстіне шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен бір асық алынып, лақтырылған асық қағылады. Ойыншының қолында екі асық болады. (Хан екінші қолдың көмегінсіз алға яғни саусақтарға ауыстырылады). Ол жоғарыға лақтырылып, қолда қалған екіншісі кілемде жатқан басқа асықпен алмастырылады да лақтырылған хан қағылып алынылады. Осылайша, асықтарды алмастыра отырып, олар бір жерге жинастырылады. Соңында хан жоғары лақтырылады, қолға төрт асық жиналып алынады да хан қайта қағылады.
9. «Үндемес». Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде қалғандары бір-біріне соқтығысып сартылдаған немесе т.б дауыс шығармауы керек.
10. «Сарт-сұрт». Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде, асықтар

бір- біріне тиіп, екі рет сарт – сұрт еткен дыбысы естілуі тиіс. 11. «Қаршу». Асықтар шашылады. Хан жоғарыға лақтырылады. Кілем үстінде шашылып жатқан асықтардың біреуін көтеріп, түсіп келе жатқан ханды үстінен қаршып қағу керек. Сонда қолда екі асық болады. Көтерілген асықты бөлек жинаймыз. Ханды лақтырып, қалған асықтарды бір-бірлеп теріп, түсіп келе жатқан ханды қаршып қағып отыру керек. 5 12 «Нәби». Ойыншы сол қолының бас бармағы және ортаңғы саусағының көмегімен «дарбаза» құрады, оң қолмен құрылған «дарбазаның» үстінен асыра алдыңғы жаққа асықтарды шашады. Хан жоғарыға лақтырылады, ал қалған асықтарды бір- бірден сыдыртып «дарбазаның» астымен қолдың арғы жағына өткізіп барып лақтырылған ханды құлатпай қағу керек. Осылайша «дарбазаға» барлық асықтар кезекпен енгізіледі. Бұл әрекетте ереже бар: ойыншы тағы бір асық таңдайды – «ағалық» («нәби»). Бұл ең жақыны немесе алыс асық болуы мүмкін, ол туралы ойынның бас кезінде келісіледі. Ол «дарбазаға» ең соңғы болып кіргізіледі. Бұл асықты қарсыласы таңдайды

### **«Ханталапай» ойыны**









Бұл енді ойынның төресі. Иісі қазақ бұл ойынды ежелден ойнап келеді. Бұл ойынды да басқаларды былай қойып, қыздарға дейін ойнауға болады. Негізінен бұл тек балалар ойыны. Және бір ерекшелігі - бұл ойынды үлкен адам басқарып (яғни, ойнатып) отырса, ойынға өзіндік бір ерекшелік, сән кіріп отырады. Қызығушылық артады. Ойнау ережесі: Ойынға бес адамға дейін қатыса алады. Бес адам көнге (яғни, ойнап отырған ортаға) бес-бес асықтан тігеді – көнде 25 асық. 26-шы қыпқызыл түске боялған үлкендеу асық – ХАН. (Баяғыда балалар асықты қынаға немесе киіздің ою-өрнегін бояуға арналған бояумен бояп алатын, ал, қазір асық бояуда ешқандай қиындық жоқ дүкендерде бояудың түр-түрі толып тұр). Бұл ұтыс емес ермек ойыны. Әуелі, сақаларын иіріп, кезек ретін анықтап алғаннан кейін (Осы жерде: естеріңізде ме, жоғарыда «Қыз Жібек» фильміндегі көрністі келтіргенбіз: онда ойынды балаларға Төлегеннің әкесі Базарбай шал ойнатып отырады), ойын бастаушы (яғни, ойынды басқарып отырған үлкен адам) қос алақанындағы барлық асықты: «Асықтарым жайлы түс, сый-құрметке майлы түс» деп жерге шашып кеп жібереді. Барлық ойыншылардың көздері жерге шашылып түскен асықтарда. Егер, Ханалшы түссе, ойыншылар жерде шашылып жатқан асықтарға жапатармағай бас салады. (Ханталапай деген осы; жапатармағай бас салғанда, кім аз-көп асық жинағанына қарамай, хан қай ойыншыға түссе, келесі ойынды сол бастайды). Сонымен, ойын басталады. Хан алшы түскен жоқ. Сондықтан, бірінші кезектегі ойыншы асықтарды ата бастайды. Атқанда:




жұдырығын түйген қалпы, шошайып тұрған сұқ саусағымен 21 бүк пен бүкті, шік пен шікті, әлші мен әлшіні, тәйкі мен тәйкіні атады. Атқан кезде тигізіп отырса (қатты ату шарт емес, керісінше, мұқият, жәйлап ату керек), тигізген асығын ұтқан есебінде ала береді. (Егер атқан асығы басқа асыққа тиіп кетсе немесе ұтқан асығын алып жатқанда, қолы басқа асыққа тиіп кетсе, ойын тоқтатылып, ату кезегі басқа ойыншыға көшеді). Осылайша көндегі асық біткенше ата береді. (Ескерту: атушы бөгелместен бес асық атып алса, алтыншы Ханды атады. Атқаны дәл тиіп, Ханды олжаласа, келесі ойынды сол бастайды. Әрі қарай ата береді. Әрбір атқан асығын ұтқан есебінде ала береді. Көндегі асық біткенше). Егер, атқалы жатқан асығы тым әріректе жатса немесе ортада бөгет боп басқа асықтар жатса, ондай жағдайда бас бармақты сулап жіберіп, ататын асықты жапсырып алады да, атылатын асықтың үстіне әкеліп, өзі түсіп қалғанша ұстап тұрады. Әкеле жатқанда түсіп қалса, не ұстап тұрғанда басқа саусағың тиіп қалса, не түскенде басқа асыққа тиіп кетсе ойын тоқтатылып, ойын келесі кезектегі ойыншыға өтеді. Егер бес асық атып алғаннан кейін, алтыншы Ханды ататын асық болмай қалса (Мысалы: Хан тәйкі тұр, қалған асықтар бүк, шік, әлші болып жатыр), ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. (Ол жерде жатқан қалған барлық асықтарды алақанына жинап алады да, жерге шашып жібереді. Хан әлші тұрмаса, асықтарды рет-ретімен ата бастайды). Сонымен, ойын бітті. Енді ойыншылар қолдарындағы ұтқан асықтарын санайды. Біреуінде 7-8, біреулерінде 2-3 асықтан. Демек, 2 асығы бар адам 3 асықтан ұтылып тұр. (Естеріңізде ме, ойынның басында әр ойыншы бес-бес асықтан тіккен еді). Олай болса, ұтқан адам (өзінің бес асығынан артық алған ойыншы ұтқан болып есептелінді) әрбір ұтылған ойыншыда неше асық жетпей тұр, сонша ұпай салғаны. Немесе, өз бұйрығын орындатады: ән айт деуі мүмкін, әйтпесе, басқалай іс-әрекеттер жасатады.



Бекітемін:   
«Өлеңті ауылының жалпы білім беретін мектебі»  
КММ-ның директоры Жаниева І.Т.

№	Қатысатын спорт түрі	Аты-жөні	Сыныбы	Қауіпсіздік ережесімен таныстым (оқушы қолы)
1	Асық ойындары	Элай Ұнай	6“А”	
2	Асық ойындары	Хайратқызы Жұлдызай	8“А”	
3	Асық ойындары	Байсолтан Ақбота	9“А”	
4	Асық ойындары	Қайрат Сақара	5“А”	
5	Асық ойындары	Жанжигит Нұрболат	8“А”	
6	Асық ойындары	Ратай Бақытжан	11“А”	
7	Асық ойындары	Нұрболатқызы Нұрдана	8“А”	
8	Асық ойындары	Серик Еркебұлан	8“А”	

Дене шынықтыру пәні мұғалімі:  Нурбек А.